

**Құрметті Алексей Филиппович!**  
**Құрметті ұйымдастыру комитетінің мүшелері!**  
**Құрметті Асия Алиқызы!**

Сіздерге ХАА-ның 20 жылдығына және ҚАЗҰТУ-нің 80 жылдығына арналған "Қазақстандағы ақпараттандыру жағдайы, мәселелері, міндеттері" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жұмыстарының өткізілуі мен ұйымдастырылуы барысында көрсеткен еңбектеріңізге барша Елордалықтардың атынан алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің өкілі ретінде, аталған шараға қатысушылардың тіркелуінен бастап қатысудың өзі, Мен үшін "зор мәртебе" болды.

Конференция өте маңызды, өнімді, ең бастысы жаңадан бастау алған жас ғалымдарға да, білім мен инновациялық өнім саласын таныстырушы тәжірибелі мамандарға да пайдасы зор болды.

Пленарлық отырыс жұмыстары мен конференцияның секция жұмыстарын өткізу өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Секция жұмыстары, соның ішінде, А.А.Лисенков төрағалық еткен 5-ші секция жұмысы нақты бағдарлама бойынша, регламентке сай өткізілді.

Өз уақытында шыққан 2 томдық еңбектер жинағына, сонымен қатар, 3 бірдей мастер-класстың ұйымдастырылуының өзі, Сіздердің бірнеше бағытта қатар жұмыс атқара алатындарыңызды көрсетіп отыр.

Ресми орта, қатысушылардың көп болуы, ұйымдастырушылардың көрсеткен қызметтері, инфрақұрылымы – барлығы дерлік конференция жұмыстарының әсерлігін арттырып, келесі ғылымға қызығушылықтары мол ізденушілерге жол ашты.

Пленарлық отырыс, конференцияның секция жұмыстарынан тыс, өткізілген мастер-класстар арқылы, мен өзіме сан алуан тұжырымдар мен тәжірибе алмаса отырып, жаңа әріптестер таптым.

Осы конференцияға қатыса отырып, болашақта өзімнің атқарар жұмысыма қажыр-қайрат беретін нәтижелі бағыт-бағдар мен ой-пікірлерді тұжырымдадым.

Сіздерге атқарған жұмыстарыңызға алғыс айта отырып, ХАА саласында қызметтеріңізге толағай табыстар мен толымды ырыстар тілеймін! Талай белестерді бағындырып, шыңырау биік шыңдардан көріне беріңіздер!

**Ізгі ниетпен, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ**

**"Қаржы" кафедрасының доценті, э.ғ.к.,**

**Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі**

**Керімбек Ғалымжан Есқараұлы**

